

"Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 469 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 3 наурызда № 9185 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріп отырған "Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі" кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.Ә. Қасымбеков) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықты орындауды бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Индустрия және жаңа технологиялар

министрінің міндетін атқарушы

А. Рау

"КЕЛІСІЛДІ":

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрі
_____ Т. Дүйсенова
2014 жылғы 28 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің міндетін атқарушының
2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 469
бұйрығымен бекітілген

"Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі" кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі" кәсіби стандарты (бұдан әрі – КС) "Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі" кәсіби қызмет саласындағы біліктілік деңгейіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайды және

1) еңбек саласы мен кәсіби білім беру саласының өзара қарым-қатынасын реттеуге;

2) даярлау, біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын әзірлеу талаптарын регламенттеуге;

3) персоналды аттестаттау және сертификаттау кезінде жұмысшылардың құзыреттерін бағалау талаптарын регламенттеуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;

2) ұйымдардың басшылары, ұйымдардың персоналын басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде біліктілік сипаттамалары, лауазымдық нұсқаулықтар, ұйымдардың үлгілік оқыту бағдарламалары, үлгілік оқыту жоспарлары, ұжымдық стандарттар әзірленеді.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде нақты функцияларды сапалы орындауға дайындығы;

2) біліктілік деңгейі – күрделілігі, еңбек қызметтерінің стандартты еместігі, жауапкершілігі және дербестілігі параметрлері бойынша жүктелетін қызметкерлердің құзыретіне қойылатын талаптар жиынтығы;

3) еңбек заттары – белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталған зат;

4) еңбек құралдары – жұмысшының еңбек заттарын бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функциялары мен оларды орындауға қажетті құзыреттіктердің тұтас жиынымен құралған кәсіби қызмет саласының құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжамайтын еңбек қызметінің біріктірілген және дербес жиынтығын көрсететін еңбек қызметі түрлерінің бір бөлігі;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы интеграциялық негізі (міндеті, нысандары, технологиялары, соның ішінде еңбек құралдары ұқсас немесе жақын) бар және ұқсас еңбек функциялары мен оларды орындайтын құзыреттіктерінің болжалды жиынынан тұратын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) кәсіби стандарттың бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, қатысымды дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасы тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

9) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

10) құзыреттілік – еңбек қызметінде білімін, білігі және тәжірибесін қолдану қабілеті;

11) лауазым – лауазымдық уәкілеттіктер және лауазымдық міндеттер шеңберін жүктейтін жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

12) міндет – нақты бір еңбек заттары мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

13) сала – өндіретін өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыс жасаушылардың кәсіби біліктері ортақ ұйымдар жиынтығы;

14) салалық біліктілік шеңбері – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

15) ұлттық біліктілік шеңбері – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

16) функционалдық карта – сол немесе өзге де кәсіби қызмет саласы шеңберінде белгілі бір қызмет түрін орындайтын жұмысшының еңбек функциялары мен міндеттерінің құрылымдық сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. КС паспорты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіптік қызмет саласы):

Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 03-2007) "71.12 Инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және бұл салада техникалық кеңестер ұсыну";

2) экономикалық қызмет түрінің (кәсіптік қызмет саласының) негізгі мақсаты: электр аспаптары мен құрылғыларын шығару және ішкі нарық қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру, жоғары қосылған құнымен соңғы өнім өндірісін арттыру есебінен экспортты кеңейту;

3) осы КС 1-қосымшасына сәйкес біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері.

3. Еңбек қызметі түрлерінің (кәсіптің) карточкалары

1-параграф "Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушы"

6. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 2-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 7241 "Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – аккумуляторлар мен батареяларды құрастыру барысын және сапасын жүйелі бақылау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 1-кестесінде келтірілген.

2-параграф "Белсенді массаларды даярлаушы"

7. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 2-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 7241 "Белсенді массаларды даярлаушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: белсенді массаларды даярлаушы

;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – бекітілген рецептураға сәйкес белсенді массаларды даярлау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Белсенді массаларды даярлаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 2-кестесінде келтірілген.

3-параграф "Ерітінділер мен электролиттер даярлаушы"

8. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 2-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8229 "Ерітінділер мен электролиттер даярлаушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: ерітінділер мен электролиттер даярлаушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – бекітілген рецептураға сәйкес ерітінділер мен электролиттерді даярлау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Ерітінділер мен электролиттер даярлаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 3-кестесінде келтірілген.

4-параграф "Электродтар мен элементтер баспақтаушы"

9. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 2-3;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 7241 "Электродтар мен элементтер баспақтаушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: электродтар мен элементтер баспақтаушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – белсенді массалардан жасалған электродтар мен элементтерді қалыптау және баспақтау;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электродтар мен элементтер баспақтаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 4-кестесінде келтірілген.

5-параграф "Элементті өндірісті кептіруші"

10. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1,3;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 7241 "Элементті өндірісті кептіруші";
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: элементті өндірісті кептіруші;
- 4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – белсенді массалардан жасалып қалыптанған электродтар мен элементтерді кептірудің жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Элементті өндірісті кептірушінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 5-кестесінде келтірілген.

6-параграф "Қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшы"

11. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

- 1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-4;
- 2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 7241 "Қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшы";
- 3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшы;
- 4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіру процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі,

практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 6-кестесінде келтірілген.

7-параграф "Гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушы"

12. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 7241 "Гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 7-кестесінде келтірілген.

8-параграф "Қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушы"

13. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 4-5, СБШ бойынша – 1-4;

2) Қазақстан Республикасының кәсіптердің мемлекеттік жіктегіші (бұдан әрі - ҚР МЖ 01-2005) бойынша базалық тобы: 8290 "Қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырудың жоғары сапасын қамтамасыз ету;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 8-кестесінде келтірілген.

9-параграф "Техник"

14. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 5-6;

2) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптер мен мамандықтардың мемлекеттік жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 05 – 2008) бойынша базалық тобы: 3111 "Химия технологиясы және өндірісі"

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: учаске немесе цех шебері, технологы;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – аккумуляторлар мен батареялар өндірісі үшін элементтерді дайындау, ерітінділер мен белсенді массаларды құрастыру, даярлау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Техниктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 9-кестесінде келтірілген.

10-параграф "Механик"

15. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 5-6;

2) Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі кәсіптер мен мамандықтардың мемлекеттік жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 05 – 2008) бойынша базалық тобы: 3115 "Өндірістегі электр механикалық жабдық";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: учаске немесе цех шебері, механигі;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – аккумуляторлар мен батареялар өндірісінің білдектерін, жабдықтар мен бақылау-өлшеу

аспаптарын монтаждау, жөндеу және пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Механиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 10-кестесінде келтірілген.

11-параграф "Инженер-технолог (технолог)"

16. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 7-8;

2) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 08-2009) бойынша базалық тобы: 3132 "Бейорганикалық заттардың химия технологиясы";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: инженер-технолог, технолог, бас технолог;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – аккумуляторлар мен батареялар өндірісінің технологиялық процестерін бақылау және ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-технологтың (технологтың) еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 11-кестесінде келтірілген.

12-параграф "Инженер"

17. Еңбек қызмет түрінің (кәсіптің) карточкасы мынадан тұрады:

1) біліктілік деңгейі: ҰБШ бойынша – 3, СБШ бойынша – 7-8;

2) Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуіші (бұдан әрі – ҚР МЖ 08-2009) бойынша базалық тобы: 2145 "Машина жасау";

3) лауазымның (кәсіптің) ықтимал атаулары: инженер, бас инженер, инженер-механик, механик, бас механик;

4) атқарылатын еңбек қызметінің жиынтық сипаттамасы – аккумуляторлар мен батареяларды шығару және білдектерді, жабдықтар мен бақылау-өлшеу

аспаптарын пайдалану, жөндеу және жобалау бойынша жұмысты басқару және ұйымдастыру;

5) ықтимал жұмыс орындары, жұмысшының кәсіби білімі мен оқуына қойылатын талаптар, біліктілікті растайтын сертификаттардың қажеттілігі, практикалық жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар, жұмысқа рұқсат берудің ерекше талаптары осы КС 2-қосымшасының "Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженердің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар" деген 12-кестесінде келтірілген.

4. КС бірліктерінің тізімі

18. КС бірліктерінің тізімі осы КС 3-қосымшасының 1-12-кестелерінде келтірілген және шифр мен КС бірліктері атауларынан тұрады.

5. КС бірліктерінің сипаттамасы

19. КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасында келтірілген.

6. Осы КС негізінде берілетін сертификаттардың түрлері

11. Осы КС негізінде мамандардың кәсіптік дайындығын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы ұйымдармен сертификаттар беріледі.

12. Осы КС негізінде берілетін сертификаттың түрлері сертификат алу үшін игеру қажет болатын осы КС 3-қосымшасында қарастырылған КС бірліктерінің тізіміне сәйкес анықталады.

7. КС әзірлеушілері, келісу парағы, сараптамасы және тіркеуі

13. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі.

14. КС келісу парағы осы КС 5-қосымшасында келтірілген.

"Аккумуляторлар мен батареялар
өндірісі"
кәсіби стандартына
1-қосымша

Біліктілік деңгейлері бойынша еңбек қызметінің (кәсіптің) түрлері

| № р/с | Қызмет түрінің атауы | Еңбек нарығының үрдісі ескерілген кәсіп атауы | ҚР МЖ 01-2005, ҚР МЖ 05-2008, ҚР МЖ 08-2009 сәйкес кәсіп атауы | СБШ біліктілік деңгейлері | БТБА бойынша разряды |
|-------|----------------------|---|--|---------------------------|----------------------|
| | Аккумуляторлар мен | | | | |

| | | | | | |
|----|---|---|--|-----|-----|
| 1. | батареяларды құрастыру сапасы мен негізгі сипаттамаларын тексеру | Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушы | Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушы (7241) | 2-4 | 2-5 |
| 2. | Паста тәрізді, ұнтақ тәрізді белсенді және электрөткізгіш массаларды даярлау | Белсенді массаларды даярлаушы | Белсенді массаларды даярлаушы (7241) | 2-4 | 2-5 |
| 3. | Ерітінділерді арнайы рецептілер бойынша даярлау, сүзу, түзету және тұндыру | Ерітінділер мен электролиттер даярлаушы | Ерітінділер мен электролиттер даярлаушы (8229) | 2-4 | 2-5 |
| 4. | Электродтарды, каскадты термоэлементтерді суықтай және ыстықтай баспақтау | Электролиттер мен элементтер баспақтаушы | Электролиттер мен элементтер баспақтаушы (7241) | 2-3 | 2-4 |
| 5. | Агломераттарды, элементтерді, батареяларды кептіру процесінің температуралық режимін басқару | Элементті өндірісті кептіруші | Элементті өндірісті кептіруші (7241) | 1,3 | 1,3 |
| 6. | Аккумуляторлық пластиналарды буландыруды, кептіруді, сіңіруді орындау | Қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшы | Қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшы (7241) | 2-3 | 2-3 |
| 7. | Гальваникалық элементтер мен батареяларды құрастыруды орындау. Аккумулятор мен батареялардың элементтерін пісіру мен ерітіп жабыстыруды орындау | Гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушы | Гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушы (7241) | 1-2 | 1-2 |

| | | | | | |
|----|--|--|---|-----|-----|
| 8. | Элементтер мен құрылғыларды қосуды орындау және қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды реттеу және құрастыру | Қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушы | Қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушы (8290) | 1-4 | 1-5 |
| 9. | Аккумуляторлар мен батареялар үшін ерітінділер мен белсенді массаларды даярлау | Техник | Техник немесе машина жасау бакалавры (3111) | 5-6 | - |
| 10 | Аккумуляторлар мен батареяларды құрастыру және монтаждау | Механик | Механик немесе машина жасау бакалавры (3115) | 5-6 | - |
| 11 | Ерітінділер мен белсенді массалар рецептураларын дайындау және құрастыру технологиясын әзірлеу | Технолог | Инженер-технолог (технолог) немесе машина жасау бакалавры, магистры немесе PhD докторы (3132) | 7-8 | - |
| 12 | Аккумуляторлар мен батареяларды құрастыру және монтаждау технологиясын әзірлеу | Инженер | Инженер немесе машина жасау бакалавры, магистры немесе PhD докторы (2145) | 7-8 | - |

Ескертпе: БТБА – Қазақстан Республикасы жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (19-шығарылым, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 28 қарашадағы № 425-ө-м "Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын бекіту туралы" бұйрығына қосымша (19-шығарылым) (2012 жылғы 14 желтоқсанда № 8184 Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген), 12-бөлім: "Химиялық және өзге де тоқ көздерін өндіру".

"Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі"
кәсіби стандартына
2-қосымша
1-кесте

1. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Ауырлық көтеру, химикаттардың буы | |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 3 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 2-деңгейінде кемінде 1 жыл |
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) | СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл |

2-кесте

2. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Белсенді массаларды даярлаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Кендер мен жыныстардан шаң, ауыр көтеру, химикаттардың буы | |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 3 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл |
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) | СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл |

3-кесте

3. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Ерітінділер мен электролиттер даярлаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы | |
| | | |

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Химикаттардың буы |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 3 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл |
| 4 | Жоғары деңгейдегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық) | СБШ 3-деңгейінде кемінде 3 жыл |

4-кесте

4. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Электродтар мен элементтер баспақтаушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|--|--|
| Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Кендер мен жыныстардан шаң, ауыр көтеру, химикаттардың буы |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 3 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл |

5-кесте

5. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Элементті өндірісті кептірушінің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|--|--|
| Кәсіби бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Шаң, ауыр көтеру, химикаттардың буы |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 1 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 3 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 1-деңгейінде кемінде 2 жыл |

6-кесте

6. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Ауыр көтеру, химикаттардың буы | |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 3 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл |

7-кесте

7. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Кендер мен жыныстардан шаң, ауыр көтеру, химикаттардың буы | |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | - | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 1 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 2 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл |

8-кесте

8. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушының еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | Шаң, ауыр көтеру, химикаттардың буы | |
| | | |

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 1 | Жалпы, орта білімі, бірақ негізгі ортадан төмен емес білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 2 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 1-деңгейінде кемінде 1 жыл |
| 3 | Жалпы орта білім немесе негізгі орта білім базасында техникалық және кәсіптік білімнің болуы | СБШ 2-деңгейінде кемінде 2 жыл |

9-кесте

9. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Техниктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|-------------------------------|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Шаң, химикаттардың буы |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 5 | Техникалық және кәсіби білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| | Орта білімнен кейінгі білім | СБШ 4-деңгейінде кемінде 2 жыл |
| 6 | Техникалық және кәсіби білім | СБШ 5-деңгейінде кемінде 1 жыл |
| | Жоғары білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |

10-кесте

10. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Механиктің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|-------------------------------|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Шаң, химикаттардың буы |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 5 | Техникалық және кәсіби білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| | Орта білімнен кейінгі білім | СБШ 4-деңгейінде кемінде 2 жыл |
| | | |

| | | |
|---|------------------------------------|--------------------------------|
| 6 | Техникалық және кәсіби білім | СБШ 5-деңгейінде кемінде 1 жыл |
| | Жоғары білім, практикалық тәжірибе | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |

11-кесте

11. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженер-технологтың (технологтың) еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|----------------------------------|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Шаң, химикаттардың буы |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 7 | Техникалық және кәсіби білім | СБШ 6-деңгейінде кемінде 1 жыл |
| | Жоғары білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 8 | Жоғары білім | СБШ 7-деңгейінде кемінде 2 жыл |
| | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |

12-кесте

12. Кәсіп бойынша ықтимал жұмыс орындары. Инженердің еңбек жағдайына, білімі және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|---|------------------------------------|--|
| Кәсібі бойынша ықтимал жұмыс орындары (ұйымдар) | | Машина жасау зауыты, машина жасау кәсіпорны, машина жасау компаниясы, цехы |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары | | Шаң, химикаттардың буы |
| Жұмыс істеуге рұқсат берудің ерекше жағдайлары | | - |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білімі мен оқу деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 7 | Жоғары білім, практикалық тәжірибе | СБШ 6-деңгейінде кемінде 2 жыл |
| | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |
| 8 | Жоғары білім, практикалық тәжірибе | СБШ 7-деңгейінде кемінде 3 жыл |
| | Жоғары оқу орнынан кейінгі білім | Еңбек өтіліне талап қойылмайды |

"Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі"
кәсіби стандартына
3-қосымша

КС бірліктерінің тізімі

1-кесте

1. "Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|------|---|
| 1 Ф | Құрастыруға түсетін бөлшектер мен тораптардың сапасын анықтау. Дайын бұйымдар мен жартылай фабрикаттарды сақтау дұрыстығын бақылау. Ақауды анықтау және жоюға шаралар қабылдау, ақауға шығарылған өнімге құжаттаманы ресімдеу |
| 2 Ф | Дайын бұйымдар мен жартылай фабрикаттардың сапасын бақылау және қабылдау. Ақауды түрлері бойынша жіктеу, оның туындау себептерін айқындау және оны жоюға уақытында шаралар қабылдау. Ақауға шығарылған өнімге құжаттаманы ресімдеу |
| 3 Ф | Жартылай фабрикаттар мен дайын бұйымдарды бақылау - өлшеу аспаптарының көмегімен тексеру. Арнайы химиялық және физикалық тоқ көздерін техникалық шарттар мен нұсқаулықтарға сәйкес келуін бақылау. Арнайы стенділер мен жабдықты пайдаланып ыдысты, электр қозғаушы күштің окшаулануының кедергісін өлшеу |

2-кесте

2. "Белсенді массаларды даярлаушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|------|--|
| 1 Ф | Неғұрлым жоғары біліктілікті белсенді массаларды даярлаушының басшылық етуімен паста тәрізді, ұнтақ тәрізді белсенді және электрөткізгіш массаларды даярлау. Механизмдерді басқару және құрал- жабдыққа қызмет көрсету. Дайын массаны өлшеп сығымдау, технологиялық процестің орындалуын тіркеу журналын жүргізу |
| | Паста тәрізді, ұнтақ тәрізді белсенді және электрөткізгіш массаларды даярлау, металл қыш және фольгалық технология үшін белсенді |

| | |
|-----|---|
| 2 Ф | массаларды даярлау. Белсенді массаларды дайындау үшін агрегаттардың қосу және бақылау аппаратурасын бақылау. Белсенді массаларды таңбалау және паспорттау |
| 3 Ф | Белсенді және электрөткізгіш массалардың нөмірлерін жиі ауыстырумен паста тәрізді, ұнтақ тәрізді белсенді және электрөткізгіш массаларды даярлау. Әр түрлі агрегаттар мен механизмдерді басқару, жұмыс процесінде агрегаттарды жөндеу. Аспаптардың көрсеткіштерін қадағалау |

3-кесте

3. "Ерітінділер мен электролиттер даярлаушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|------|---|
| 1 Ф | Рецептілер бойынша концентрацияланған қышқылдардың, ерітінділердің, құраушы электролиттердің, электролиттік пасталардың екі құраушы қоспаларына дейін дайындау. Жұмыс процесінде қолданылатын құрал-жабдықты тазарту және жуып-шаю. Технологиялық процестің орындалуын тіркеу журналын жүргізу |
| 2 Ф | Арнайы берілген режимдер бойынша ерітінділер дайындау, электролиттерді жөндеу және регенерациялау, пасталар үшін химикаттар мен қоюландырғыш өнімдерін берілген пропорцияда мөлшерлеу және оларды ыдыстарға жүктеу. Рецептiлер бойынша концентрацияланған қышқылдардың, ерітінділердің, құраушы электролиттердің, жалпы және арнайы мақсаттағы электролиттік пасталардың төрттен жоғары құраушы қоспаларын дайындау |
| 3 Ф | Ерітінділерді сүзу, жөндеу және тұндыру. Күмісті тұндыру, тұнбаны бөлу және кептіру. Технологиялық процеске сәйкес концентрацияланған қышқылдардың, ерітінділердің, құраушы электролиттердің, жалпы және арнайы мақсаттағы электролиттік пасталардың көп құраушылы қоспаларын дайындау. Сораптық-суытқыш агрегаттардың және үздіксіз сүзетін автоматты қондырғылардың жұмысын бақылау, құрал-жабдықты жөндеу |

4-кесте

4. "Электродтар мен элементтер баспақтаушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|---|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Неғұрлым жоғары біліктілікті баспақтаушының басшылық етуімен сынап тотығынан электродтарды мен жартылай элементтерді суықтай және ыстықтай баспақтау |
| 2 Ф | Сынап тотығынан электродтарды, термоэлементтерді кіші қабатпен және төсеумен суықтай және ыстықтай баспақтау. Баспақпіндерді құрастыру және термоэлементтердің берілген габариттерін тексеру |
| 3 Ф | Коммутациялық қабаттарымен, өтпелі кіші қабаттарымен, төсеумен каскадты термоэлементтерді суықтай баспақтау. Баспақтау режимін сақтау. Төсемді кесу және баспақталған термоэлементтерді тазарту |

5-кесте

5. "Элементті өндірісті кептіруші" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Агломераттарды, элементтерді, батареяларды, картонажды бұйымдар мен бөлшектерді кептіру процесіне дайындау және кептіру. Бұйымдарды тиеу және оларды кептіру пештерінен түсіру. Кептіру процесін бақылау |
| 2 Ф | Температура режимін сақтау және кептіру процесінің аяқталуын анықтау. Бөлшектер мен бұйымдарды маркалары мен сұрыптары бойынша іріктеу және қатарлап жинау |
| 3 Ф | Кептіру агрегаттарын кептіру процесіне дайындау және жылыту. Беруді реттеу, ылғалдылығы мен кептіру процесінің аяқталуын анықтау |

6-кесте

6. "Қорғасын аккумуляторлары өндірісінде аккумулятор пластиналарын кептіруші-автоклавшы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Аккумуляторлық пластиналарды булау және кептіру . Аккумуляторлық пластиналарды кептіру |

| | |
|-----|--|
| | процесінде ауаны жылыту және айналдыру жүйесін басқару |
| 2 Ф | Аккумуляторлық пластиналарды автоклавтардан, булық кептіру камералары мен тоннельді конвейерлік кептіргіштерге тиеу және түсіру. Үлкен мөлшерлі аккумуляторлық пластиналарын булау және кептіру. Кептіру қондырғыларының бақылау - өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін бақылау |
| 3 Ф | Құрғақ зарядталған пластиналарды кептіруден кейін сіндіру. Ауаны жылыту жүйесін басқару және кептіру процесінің температуралық режимдерін реттеу |

7-кесте

7. "Гальваникалық элементтер мен батареялар құрастырушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|---|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Стақаншалы және галетті құрылымды гальваникалық элементтер мен батареяларды құрастыру. Дайын бұйымдарды іріктеу және ыдысқа салу |
| 2 Ф | Стақаншалы және галетті құрылымды гальваникалық элементтерды, секциялар мен батареяларды құрастыру. Түйісулерді, тоқ бұруларды, қосатын сымды мырыш полюстарға, қалпақшаларға, штепсельді ұяларға қолмен пісіру немесе дәнекерлеу. Блоктарды, секцияларды, батареялар мен элементтерді жиынтықтау |
| 3 Ф | Элементтерді лектролиттік пасталармен зарядтау. Қосылу схемасына сәйкес батареяларды ішкі пісіру немесе дәнекерлеу |

8-кесте

8. "Қорғасын аккумуляторлар мен батареяларды құрастырушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|---|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Аккумуляторлар мен батареяларды құрастыруға дайындау. Жартыблоктарды, блоктарды құрастыру бойынша қарапайым құрастыру операцияларын орындау |
| | Әр түрлі типті батареяларды құрастыру. Қызмет көрсететін құрал- жабдықтың технологиялық жұмыс режимдерін реттеу. Құрастыру қондырғыларының |

| | |
|-----|--|
| 2 Ф | жұмыс режимдерінде ауытқу себептерін анықтау және оларды жою. Автоматты құрылғыларды реттеу , жетілдіру және жұмыс режимдерін белгілеу |
| 3 Ф | Автоматты қондырғылардың жұмыс режимдерін реттеу, жөндеу және орнату |

9-кесте

9. "Техник" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Нақты технологиялық процесс учаскесінде әрекеттерінің нәтижесі үшін жауапкершілікті қабылдаумен жұмысшыларды басқару |
| 2 Ф | Технологиялық процесті бақылау және технологиялық процестердің режимдерін қадағалау |
| 3 Ф | Өндірістегі ақауларды анықтау және жою |

10-кесте

10. "Механик" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Техникалық құжаттаманы жүргізу |
| 2 Ф | Бекітілген жұмыс учаскесінде қол астындағы персоналды ба |
| 3 Ф | Сенімді жұмысты қамтамасыз ету, оның жүргізуіндегі құрал-жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен бақылауды жүзеге асыру |
| 4 Ф | Жаңа технологиялық процестерді әзірлеу мен қолданыстағыларын жетілдіруге қатысу |

11-кесте

11. "Инженер-технолог (технолог)" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | |
|------|--|
| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
| 1 Ф | Кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін, кешенді регламенттелген қызмет көрсету, пайдалану жүйелерін; қызмет көрсетудің ілгерішіл технологиясын ендіру |
| | |

| | |
|-----|--|
| 2 Ф | Өндірістік процестерді ұйымдастыруды жетілдіруге және шығарылатын өнімнің сапасын арттыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу |
| 3 Ф | Өндірісті техникалық дамытуды, күрделі жөндеуді жоспарлау, негізгі қорларды жаңғырту бойынша жұмысқа, өндірістік қуаттардың балансын құруға қатысу |
| 4 Ф | Жабдықты пайдалану, ұстау бойынша стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеумен және ендірумен байланысты жұмысқа қатысу |

12-кесте

12. "Инженер" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| Шифр | Еңбек функциясының (кәсіби стандарт бірлігінің) атауы |
|------|---|
| 1 Ф | Кәсіпорынның тиімді жұмысын қамтамасыз ететін, кешенді регламенттелген қызмет көрсету, пайдалану жүйелерін; жабдыққа қызмет көрсету және пайдаланудың ілгерішіл технологиясын, еңбек сыйымды процестерді механикаландыруды ендіру |
| 2 Ф | Жабдыққа қызмет көрсету және пайдалануды ұйымдастыруды жетілдіруге, қызметті ұйымдастыру сапасын арттыруға, ұйымның негізгі қорлары мен жабдығын пайдалану тиімділігін көтеруге бағытталған шаралар кешенін әзірлеу |
| 3 Ф | Өндірісті техникалық дамытуды, күрделі жөндеуді жоспарлау, негізгі қорларды жаңғырту бойынша жұмысқа, өндірістік қуаттардың балансын құруға қатысу |
| 4 Ф | Жабдықты пайдалану, ұстау бойынша стандарттар мен техникалық шарттарды әзірлеумен және ендірумен байланысты жұмысқа қатысу |

Ескертпе: Ф – функция.

"Аккумуляторлар мен батареялар өндірісі"

кәсіби стандартына

4-қосымша

КС бірліктерінің сипаттамасы

1-кесте

1. "Аккумулятор және элементті өндірісті бақылаушы" еңбек қызметінің (кәсібінің) түрі

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|
| | | | | | |
|--|--|--|--|--|--|

| Шифр | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер | Шеберлігі және дағдылары | Білімі |
|------|--|---|---|--|---|
